

Б.К.Адамбек

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***1991–2000 жж. ТМД кеңістігіндегі саяси қатынастар**

Мақалада 1991–2000 жылдар аралығындағы Қауымдастық түрінде посткеңестік кеңістікте құрылған тәуелсіз мемлекеттердің жаңа саяси жүйесі туралы баяндалды. Автордың пікірінше, көрсетілген жылдар ішінде ТМД елдері арасында саяси және экономикалық қарым-қатынастардың негізі қаланды. Бұл тәуелсіз мемлекеттер арасындағы көптеген проблемаларды шешуге мүмкіндік туғызды.

Кілтті сөздер: ТМД, тәуелсіз мемлекеттер, Ресей, Кеңес үкіметі, саяси қатынастар, КСРО, саяси топтар, Орта Азия, Кавказ, саяси мәселелер.

Достастық кеңістігіндегі жас тәуелсіз мемлекеттер ғасырлар бойы Ресей, кейін Кеңес империясының құрамында болғандықтан, саяси қатынастардың практикасын және стратегиясын өте қиын жағдайда меңгеруге мәжбүр болды. Сондықтан бастапқы кезеңде осы салада жетістіктер мен қателіктер де аз болған жоқ. Әрине, ең бастысы бұрынғы КСРО территориясында қалыптасқан саяси проблемаларымен жаңа мемлекеттерге және олардың басшыларына есептесуге тура келді.

Әр түрлі саяси топтардың арасындағы билік үшін күрес Ресей, Грузия, Әзербайжан, Тәжікстан, Молдова сияқты мемлекеттердегі жағдайды шиеленістіре түсті [1; 521]. Тәжікстанда азамат соғысы басталып кетіп, ол бүкіл Орта Азиядағы жағдайды күрделендіре түсті. Таулы Қарабақ үшін күрес Армения мен Әзербайжан арасындағы жағдайды ерекше шиеленістіріп, Кавказда дау-жанжал тоқтамайтын ахуал қалыптасты [1; 522]. Ал ТМД мүшелерінің екі мемлекетке ұсынған бейбіт бастамалары керекті нәтижеге жеткізбеді. Өйткені Ресей Федерациясы әзербайжан-армян жанжалында Арменияны қолдап, оған саяси, моральдық әскери көмек көрсетті.

Әрине, Достастық кеңістігіндегі саяси жағдайдың тұрақты болуына әскери-экономикалық потенциалы зор Ресей ерекше рөл атқаруға мүмкіндігі болды. Бірақ бұл мемлекет ең басынан ТМД кеңістігіндегі «қос стандартты» саясат жүргізе бастады. Бір кездегі Ресей басшысы Б.Ельциннің «қанша шамаларың келгенше егемендікті алындар» деген үндеуін Ресейдегі кейбір империялық пиғылдағы күштер қолдамай жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қарсы арандатушылық саясат жүргізе бастады. Бұған дәлел ретінде Ресей саяси күштерінің Молдавиядағы Приднестровье, Грузиядағы абхаз, аджар, осетин сепаратистерін астыртын қолдауынан көруге болады. Осыған байланысты Ресейдегі кейбір шовинистік пиғылдағы саяси күштердің Қазақстанның солтүстік аймақтарын «орыс жерлері» деп оларды қайтару керек деген мәселе көтерулері де сол белгілі саясаттың жалғасы болды. Сонымен қатар ТМД кеңістігіндегі бұрынғы Кеңес Одағын қайта құрғысы келген коммунистердің ынтымақтастығы байқалды. Бұл идеяны қолдайтындар барлық бұрынғы одақтас республикаларда болды және халыққа белгілі ықпалын сақтап қалды. Сондықтан тәуелсіз мемлекеттер басшылары «қызыл империяны» жандандырғысы келгендерге де қарсы күресуге өз халықтарын жұмылдыруға мәжбүр болды.

Достастықтың бастапқы кезеңінде Ресейдің жаңа тәуелсіз мемлекеттерді саяси және экономикалық жағынан да өзінің ықпалынан шығарғысы келмейтіндігі байқалды. Өйткені ол бұрынғы одақтас республикаларды өзінің негізгі мүддесі бар территориялар деп есептеді және оған сол жерлердегі орыстарды қорғау деген саяси сылтау табылды. Осы позицияны ұстанған Ресейдің ұсыныстарымен ТМД қарулы күштерінің Бас командованиясы құрылып, әскери ынтымақтастық туралы бірнеше құжатқа қол қойылды [2; 417]. Сонымен қатар Қара теңіз флотын Ресей мен Украина араларына бөлісу туралы келіссөздер басталып, онда Ресейдің осы аймақта өзінің ықпалын сақтап қалғысы келетіндігі анық байқалды [2; 417]. Осыған байланысты Ресей жағы ТМД мемлекеттеріне ұжымдық қауіпсіздік, Ресейдің кеңістікте бітімгершілік рөл атқаруы және Достастықтың сыртқы шекарасын бірігіп күзету туралы мәселелер қойды. Сонымен қатар кейбір Ресей саяси топтарының бұрынғы одақтас республикалардың мемлекет болуларына күмәнмен қарап, олардың Ресей құрамына өздері сұранады деген саяси мәлімдемелері болғанын атап кеткен жөн.

Дегенмен, Достастықтағы бастапқы саяси жағдай, оған кірген тәуелсіз мемлекеттердің бір-бірімен саяси-дипломатиялық, экономикалық және мәдени қатынастарды белсенді түрде дамытуға итермеледі. Өйткені кеңістікте реттелмеген әр түрлі проблемалар өздерінің шешімін күтіп тұрды.

Достастықтың құрылысымен оның мүшелерінің арасындағы саяси қатынастар тез дами бастады. 1992 ж. қаңтарында Мәскеуде, бір айдан соң 14 ақпанда Минск қаласында ТМД басшыларының кездесулері болып өтті [3]. Белоруссия астанасындағы кездесуде олар біріккен мәлімдеме қабылдап, онда «ТМД-ға мүше-елдер арасында бір-біріне күш көрсету арқылы қожан-лоққы жасамау жөнінде және осы елдер арасында пайда болған талас-тартыс мәселелерін бейбіт, келіс сөз арқылы реттеу жөнінде» келісімге келді. Кездесуде басқа да маңызды құжаттарға қол қойылды, оның ішінде: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы негізінде бірігіп жұмыс атқару принциптерін сақтау туралы декларация, Ел басшылары жиналысының хаттамасы, Сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында Достастық мемлекеттер қарым-қатынастарын реттеу туралы келісім, ТМД мемлекет басшыларының Достастықтың біріккен әскери күштерінің басшысы туралы шешім, ТМД елдері басшыларының Достастықтағы қорғаныс министрлер Кеңесін құру туралы шешімдер, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы стратегиялық күштер мәртебесі туралы келісім, ТМД елдері арасындағы ортақ қорғаныс бюджетін және Достастық мемлекеттерінің әскери күштерін қаржыландыруды қалыптастыру туралы келісім, мәдени және тарихи құндылықтардың шыққан жеріне қайтарылуы туралы келісім, ТМД-ның электр энергиясы саласындағы мемлекетаралық қатынастар координациясы туралы келісім, ТМД-ның теміржол транспорт органдарын координациялау туралы келісім, ТМД елдері арасында әскери қызметкерлердің әскери қызметтен босағандардың және олардың жанұя мүшелерінің әлеуметтік өміріне және құқықтарына кепіл беру туралы келісім болды [3]. Минскідегі кездесуде осындай келісімдерге қол қойылды, бұл құжаттар алдағы уақыттағы Достастық мүшелерінің қатынастарына негізгі бағыт белгіледі.

Аталған келісімдердің негізінде келесі 1993 жылдың 22 қаңтарында Минск қаласындағы мемлекеттер басшыларының Кеңесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысы қабылданды [4; 415]. Оның тоғыз бөлімінде ТМД-ның мақсаттары және принциптері, Достастыққа мүшелік, ұжымдық қауіпсіздік және әскери-саяси ынтымақтастық, таластарды шешу және жанжалдан сақтап қалу, экономикалық, әлеуметтік және құқық салаларындағы ынтымақтастық, Достастық органдары, Парламентаралық ынтымақтастық, қаржыландыру, жалпылама-қорытынды мәселелері бойынша баптар бекітілді. Устав халықаралық дәрежелерге сәйкес құрылды, осыдан кейін ТМД елдерінің саяси-экономикалық қатынастары осы Устав негізінде жүргізілетін болды [4; 415].

1992–1994 жылдары әр түрлі саяси келіспеушілікке байланысты Достастықтың құрамында кейбір өзгерістер болып тұрды. 1993 жылы оның құрамына Грузия кірді. Ал 1992 жылы Достастықтан Әзербайжан мемлекеті шығып, 1994 жылы ТМД құрамына кіру туралы шешім қабылдады. Осындай кейбір қайшылықтарға қарамастан, Достастық мүшелерінің арасында бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. 1993–1995 жылдары ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесімен қатар Достастықтың Атқарушы хатшылығы, сыртқы істер министрлерінің Кеңесі, шекара әскерлері қолбасшыларының Кеңесі және тағы басқа органдар құрылды. Сонымен қатар ТМД төрағасы деген қызмет енгізіліп, Мемлекетаралық экономикалық комитет өзінің жұмысын жүргізе бастады [5; 278].

1997 жылдың наурыз айында Мәскеу қаласында Достастыққа кіретін мемлекеттердің басшылары өздерінің кезекті кездесулерін өткізді. Бұл саммитке қатысушылар ТМД құрылғаннан кейінгі жылдардағы бірлесіп жасаған жұмыстың қортындыларын талқылап, көптеген мәселелер бойынша пікір алысты. Сонымен қатар Достастықты дамыту жөніндегі бірқатар ұсыныстар мен шаралар қаралып, олардың басым көпшілігі мақұлданды. Кездесу барысында мемлекет басшылары құжаттардың тұтастай пакетіне қол қойды. Олардың арасында Достастықтың экономикалық интеграциясын дамыту тұжырымдамасын, «ТМД мемлекеттерінің Тәжікстан мен Ауғанстанның мемлекеттік шекарасы учаскесінде жағдайды тұрақтандыру шаралары туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы шешімнің қолданылу мерзімін ұзарту туралы», «ТМД мемлекеттері сыртқы шекараларының тәртібін орнату және қолдану принциптері жөніндегі декларация туралы», «ТМД елдерінің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтері басшыларының кеңесі туралы ережеге толықтырулар енгізу туралы» қаулыларды атап кетуге болады.

ТМД кеңістігінде саяси-экономикалық бағыттары ұқсас кейбір мемлекеттер өздерінің бірлестіктерін құруға дейін барды. 1997 жылдан бастап Украина, Грузия, Өзбекстан, Әзербайжан және Молдова кірген мемлекеттердің жыл сайын өтіп тұратын басшыларының Кеңесі, сыртқы істер министрлер Кеңесі, Ұлттық координаторлар Комитеті, Ақпарат орталығы құрылды. ГУУАМ-ға қатысушылар саяси-экономикалық мәселелерді талқылап, оларды бірігіп шешуге келісім-шарттар қабылдады. Бірақ бұл ұйымның құрылуы Ресейдің саясатымен сәйкес келмей отырғаны анық байқала бастады [5; 278].

1992 жылдан бастап Қазақстан мен Орталық Азия Республикаларының басшылары: Н.Назарбаев, И.Каримов, А.Ақаев, С.Ниязов және Э.Рахмонов тұрақты кездесулер өткізіп тұруы барысында Тәжікстандағы саяси дағдарысты шешу, экономикалық қатынастарды дамыту, шекараны делимитациялау, Арал проблемасын қарастыру, халықаралық ұйымдар мен көрші мемлекеттермен қатынастарды өркендету және тағы басқа маңызды мәселелер кең түрде қаралып тұрды. Осы қатынастардың дамуына қарай 1997 жылы Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан мәңгілік достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды, бұл өте маңызды саяси қадамдар еді.

1998–1999 жылдары Мәскеу, Ташкент, Минск, Астана және Ашхабад қалаларында Достастық басшыларының маңызды мемлекетаралық кездесулер өтіп, оларда бірқатар құжаттар қабылданды. Сонымен қатар осы кездесулерде ТМД елдері арасындағы қарым-қатынастардың жағдайы және оларды дамытудың болашағы, экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмірдің маңызды бағыттары бойынша ынтымақтастықты кеңейту және тереңдете түсу туралы, сондай-ақ өз ара мүдделі болып табылатын халықаралық және аймақтық саясаттың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алысты. Аталған кездесулерде Ресей президенті Б.Ельцин ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Достастық құрылысымен оған кірген мемлекеттердің заңдастыру органдары бір-бірімен саяси қатынастарды дамыту жолын іздей бастады. Осыған байланысты 1992 жылдың наурыз айында Алматы қаласында Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстан Жоғарғы Кеңестерінің ұсынысымен ТМД Парламентаралық ассамблеясы құрылды [5;279].

1993–1995 жылдары осы ұйымға Әзербайжан, Грузия және Молдова мүше болып, Украина бақылаушы ретінде оның жұмыстарына қатысып тұрды. 1995 жылдың мамыр айында Армения, Әзербайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан басшылары Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің парламентаралық Ассамблеясы туралы Конвенцияға қол қойды [5; 279]. Ол бойынша Парламентаралық Ассамблея ТМД кеңістігіндегі мемлекетаралық орган ретінде танылатын болды.

Парламентаралық Ассамблея оған қатысушы мемлекеттердің қаржыландыруымен өзінің қызметін атқарып, барлық мәселені Конвенция негізінде шешуге келісті. Бұл органның штаб-пәтері Санкт-Петербург қаласында орналасты.

ТМД мемлекеттерінің парламент делегациялары жылына екі рет Ассамблеяда отырыс өткізіп, консенсус негізінде шешімдер қабылдайды. Парламент делегацияларының басшыларынан құрылған Ассамблея Кеңесі барлық ұйымдастырушылық қызметті атқарады, ол бір жылда төрт рет жиналып Ассамблеяның пленарлық отырыстары, халықаралық конференциялар мен семинарларды өткізу туралы мәселелерді шешеді. Парламентаралық Ассамблеяның тұрақты жұмыс істейтін Хатшылығы құрылды. Ол ұйымдастырушылық, аналитикалық және техникалық қызметтерді атқарып, тоғыз тұрақты комиссиялардың жұмысына бағыт беріп отырады.

Парламентаралық Ассамблея Достастықтың жалпы түрдегі заңдар жобасын ұсынатын органның рөлін атқарады. Ол өткізген конференцияларда Азаматтық және Қылмыстық кодекстердің модельдері, әлеуметтік-экономикалық проблемалар талқыланып, пысықталады. Құрылғаннан бері Парламентаралық Ассамблеяның негізгі қызметі: ТМД мемлекеттерінің заңдарын жақындастыру, ортақ экономикалық, мәдени және білім аймағын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау т.б. жұмыстарға бағытталады.

Достастық кеңістігіндегі парламенттер ақпарат арқылы бір-бірімен қатынастарды дамытуға тырысты. Сондықтан Парламентаралық Ассамблея ағылшын және орыс тілінде «Ақпарат бюллетенін» және халықаралық «Парламентаралық Ассамблеясының хабаршысы» атты журнал шығарып тұрады. Аталған басылымдарда Ассамблея мен оның басқарушы Кеңесінің ресми шешімдері, ұлттық парламенттердің жұмысын көрсететін құжаттар, көптеген конференциялар мен семинарлардың материалдары, саяси қайраткерлердің баяндамалары және жалпы парламентаризм тарихына арналған мақалалар шығып тұрады.

Сонымен қатар Парламентаралық Ассамблеяның штаб-пәтерінде «Мир» деп аталған телерадиокомпания ашылып, ол Достастық кеңістігіндегі халықтарға Парламентаралық Ассамблеяның әр түрлі жұмысы туралы ақпарат беріп тұратын болды. Компанияның редакциясы ресми ақпаратпен қатар ТМД-ға кіретін мемлекеттердің саяси-экономикалық және мәдени жағдайы туралы хабарлар шығаруға көшті.

Атап отырған кезеңде ТМД кеңістігіндегі саяси қатынастардың көптеген қиыншылықтары болды. Бұрын бір мемлекеттің құрамында болған республикаларда тәуелсіз мемлекеттер ретінде бір-

бірімен дамыған саяси байланыстардың дәстүрі болмады. Сондықтан Достастық елдердің саяси қатынастарында ең басынан қиын шешілетін проблемалар пайда болды, оның ішінде Ресей мен Украинаның Қырым түбегі және Қара теңіз флоты үшін таласуы, Ресей, Грузия, Молдовадағы сепаратистік қозғалыстар, жаңа мемлекеттер араларында шекараны белгілеу, Тәжікстандағы азамат соғысы, коммунистердің көптеген елдерде ұйымдастырған арандатушылықтары және т.б. Сонымен қатар жаңа тәуелсіз мемлекеттерде шашырап қалған 20 миллионнан астам орыстардың жағдайы саяси саудаға айналды.

ТМД елдерінің саяси қатынастарына АҚШ, Қытай, Англия, Германия, Жапония сияқты державалардың жүргізген саясаттары көп әсер етті, өйткені аталған мемлекеттер өздерінің Достастық елдеріндегі позицияларын және ықпалын нығайтқысы келді, және ТМД кеңістігіндегі саяси жағдайға әсер ететін саяси жоспарларын іске асыру үшін бірқатар қадамдар жасады. Сонымен қатар халықаралық терроризм және діни экстремизмді ұстанатын көптеген ұйымдардың жүргізген саясаттары Достастық халықтарының саяси байланыстарына көп кедергі жасағаны анық байқалды.

Осындай факторларға қарамастан, ТМД кеңістігіндегі саяси қатынастар атап отырған жылдары жаңа деңгейге жетіп осылайша тәуелсіз мемлекеттер арасындағы көптеген проблемаларды шешуге мүмкіншілік жасалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Верт Н.* История Советского государства. — М.: Прогресс-академия, 1995. — 620 б.
- 2 *Новейшая история Отечества. XX век: Учеб.* — Т. 2. — М.: Владос, 1998. — 517 с.
- 3 *Встреча глав-государств СНГ // Известия.* — 1992. — 16 февр.
- 4 *Новейшая Отечественная история. XX век.* — Кн. 2. — М.: Владос, 2004. — 534 с.
- 5 *Адамбеков Б.К.* XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 290 б.

Б.К.Адамбек

Политические отношения на пространстве СНГ в 1991–2000 гг.

В статье рассматривается история становления в 1991–2000 гг. новой политической системы, сложившейся в форме Содружества, куда вошли страны независимых постсоветских государств. Именно в этот период закладываются основы политических и экономических взаимоотношений стран СНГ, что создало условия для решения многих проблем во взаимоотношениях стран-участниц Содружества.

В.К.Адамбек

Political relations in the CIS in 1991–2000

In given article the formation history in 1991–2000 of new political system of Commonwealth where the Cooperation of Independent States (CIS) countries have entered is considered. During this period based political and economic mutual relations of the CIS countries, that has created conditions for the decision of many problems in mutual relations of the countries-participants of Commonwealth.